

*«Ә.Жанкелдин атындағы ЖББМ» КММ педагог-психолог  
Ж.Ауанованың 2021/2022 оқу жылындағы қорытынды есебі.*

«Ә. Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-да тамыз айының соңында 2021/2022 оқу жылына арналған мектеп психологының психологиялық жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Жұмыс жоспары негізгі төрт бағытты қамтыды:

- Психодиагностикалық
- Консультациялық
- Ағартушылық профилактикалық
- Түзету дамытушылық.

Сонымен қатар мектеп психолгында ата-аналармен, мұғалімдермен, оқушылармен жүргізілетін жұмыс топтамалары бар.

Қыркүйек айында Керн Йерасек әдістемесін 1 сынып оқушыларына жүргіздім.

Мақсаты: 1 сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындық деңгейін анықтау; Балалардың қимыл әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімділігін майда нәзік маторикаларының дамуын байқау


Қорытынды: Мектебімізде 1 «А», 1 «Ә» сыныптары бар. Барлығы 34 оқушы оқиды. Әдістемеге барлық оқушы қатысты. Бұл оқушылар 20220/2021 о/ж дайындық тобында онлайн форматта білім алды. Екі апта уақыты ғана офлайн оқыған болатын. Берілген тапсырмалар ер адамның суретін салу, дайын сөздерді көшіру, және нүктелерді көшіру болатын. Әдістемедегі тапсырмаларды орындау барысында оқушыларда жіберілген қателіктер болды. Әсіресе үшінші тапсырманы орындау барысында оқушылар қателіктерге бой алдырды.

Төмен деңгейде: Балауса, Ибрахим, Асанәлі, Мадияр, Шамшырақ, Нұрислам, Айзада, Айбек. Әліби.

Тапсырманы өте жақсы орындағандар: Әйгерім, Нұрымжан, Нұрлыгүл, Досымжан, А.Айзере. О. Айзере.

Орта деңгейде орындаған оқушылар: Ырысбек, Мейрамгүл, Нұркен, Н.Айзере, Нұржайна, Айкөркем, Ақтолқын, Дарын, Құбылай, Айым, П. Айзере, Қазына, Гүлдерайым, Жансүгір, Заңғар, Құралай, Ақбота.

Оқушылардың орындаған үш тапсырмасы бойынша төмендегідей мониторинг жүргізілді:



Төмен деңгей-14%

Орта деңгей-81%

Өте жақсы- 5%

Тапсырманы орындау қорытындысы сынып жетекшілерге таныстырылды. Оқушылардың білім деңгейіне аса мән берілу керек жөнінде ұсыныс айтылды. Бұл қорытындылар ата-аналарға да көрсетілді. Балаға үйде де аса ұқыптылықпен қарап сабақ оқуға үйде жағдай туғызып, оқушылардың білімді тез игеріп кетуі үшін ата-ана мен сынып жетекші арасында байланысты нығайтуға ұсыныс берілді.

Мектеп психологының «Жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу» мақсатында жүргізілетін жұмыстардың жоспары жасақталып бекітілді. Жоспарға сай барлық жұмыстар жүргізілуде. Оқушылардың өмірге деген құлшынысын арттырып, көңіл күйлерін көтеру мақсатында психологиялық тренингтер өткізілді.

Аудандық психологиялық кеңес қызметінің, сондай-ақ мектеп психологының жоспарларына сәйкес қазан-қараша айларында 8-11 сынып оқушыларынан суицидтің алдын алу мақсатында ЮНИСЕФ ұйымы жасақтаған сауалнаманы мектеп психологы алды. Сауалнамаға мектептегі 8-11 сыныптар арасындағы барлық 89 оқушы қатысты. 8 сыныптан – 18, 9 сыныптан – 25, 10 сыныптан – 26, 11 сыныптан – 20 оқушы жауап берді. Сауалнама 21 сұрақтан құралып, барлық оқушы толыққанды жауап берді. Берілген сауалнамада 14 - 18 жас аралығындағы жасөспірімдердегі суицидалдық қауіпті нұсқамаларды анықтау үшін бағдарлаушы әдістеме ретінде құрылған. Сауалнамада оқушы өзін қалай сезінетіні және өзіне деген көз қарасы туралы сұрақтар қойылды. Сауалнама невротикалық және күйзелістік жағдайларды анықтауға, сондай - ақ тез тіл табысқыштық деңгейін анықтауға арналған. Сауалнама нәтижесі бойынша жасөспірімдердің психологиясында ауытқушылық жоқ. Сондай-ақ суицидке бейімділік байқалмады.

2 желтоқсан күні 7 сынып оқушыларына мектеп психологы Ж. Ауанова «Менің психикалық денсаулығым» тақырыбында ақпараттық сағат өткізді. Ақпараттық сағаттың мақсаты: Психикалық денсаулық мәселесінің не екенін түсіндіру; Эмоциялық көңіл күйді қалай тежеуге болатыны туралы ақпараттандыру; Ақпараттық сағат барысында, оқушылар өздерін алаңдататын мәселелерге жауаптар алып, психикалық денсаулық мәселесін шешудің жолдарын үйрене білді, Сонымен қатар, досына және өзіне көмек керек болғанда кімге, қайда хабарласу жөнінде мағлұматтар алды.

Ақпан айының 07-18 күндері, суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Өмірге «Иә» деп айт!» тақырыбында психологиялық онкүндік ұйымдастырылды. Онкүндіктің ашылуы өткізіліп, оқушыларға жоспары таныстырылды. Ұйымдастырушы мұғалімдерге арнайы тапсырмалар берілді. Мектеп оқушылары ата-аналары үшін «Сенім жәшігі» жыл бойы жұмыс жасап тұр. Тақырыптың стенді жасақталды. Оқушылардың қатысуымен «Жүрек жақсылыққа ашылады тақырыбында дефектолог пен логопед маман 7-8 сынып балаларының қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырды. Оқушылар белсенді қатысып жұмыс ойдағыдай атқарылды. «Өмір, сен маған қымбатсың!» тақырыбында бейнеролик көрсетіп, оқушылармен талқылау болды. Өмірдің мәні неде? сұрағына өз ойларын айтып постер қорғады. Жұмыстың негізгі мақсаты: оқушыларға өмірдің мәнін түсіндіру, өмір сүруге деген құлшынысты арттыру болды. Бейнеролик тамашалай отырып оқушыларда алға қойған мақсатқа, арманға жетуге деген талпыныс пайда болды. «Мен және менің ортам» тақырыбында психологиялық тренинг 10-11 сыныпқа өткізілді. Тренинг мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру. Тренинг жоғары деңгейде өтті. Оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, өз мінез құлықтарын тани түсті. «Өмір тамаша! Біз өмірді таңдаймыз!» тақырыбында дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастырумен спорттық ойындар 7-9 сынып оқушыларына өткізілді. Оқушылар белсене қатысып, спорттағы шеберліктерін шыңдай түсті. Ойын тартысты да қызықты болды. «Мен өмірге құштармын!» атты фотосуреттер конкурсын көркем сурет пәні мұғалімі жоғары деңгейде 5-7 сыныптар арасында ұйымдастырды. Мектеп оқушылары қабырға газеттерін фотосуретермен безендіріп, туындыларын ұсынды. Спорттық шараларға белсенді қатысқан оқушылар арнайы дипломдармен марапатталды. Аталған жұмыстар аясында онкүндік шара өз мәресіне жетті.

Жыл бойы оқушылардың сабаққа қатысын, сабақ үлгерімін бақылау, сабаққа кешікпей келу мақсатында мектеп психологы оқушылармен тығыз байланыста болды. Мектеп әкімшілігімен бірлесе сабаққа қатыс процесі жүргізілді. Сонымен бірге, оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі мен мектептегі қоғамдық шараларға қатысы да басты нәрде болды. Оқушылар жеке мәселелері бойынша мектеп психологының жеке және топтық кеңестер алып, дұрыс бағыт бағдар ала білді.

«Бақыт сыры» тренингі Жаңа өмірге қадам басқалы отырған 11 сынып оқушыларына жүргізілді. Он сегіз оқушы тренингке қатысты. Оқушылар тренинг барысында бақыт туралы түсініктерін кеңейтіп, бақытқа ұмтылудың мәнін, бақытқа жету жолдарын үйрене біліп, бақытты болуға, өмірдің әр сәтін қадірлей білуге өзіндік сана қалыптасты деп айта аламын. Оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, бір біріне қуаныш сыйлап, тілектерін айтты.

«Күйзелістен қалай құтылуға болады» тақырыбында ақпараттық сағат 9 сынып оқушыларына Ж. Ауанова өткізді. Мақсаты: оқушыларды күйзелістің алдын ала білуге, қарсы тұра алуға шақыру болып табылды.

Сәуір айының 18-23 күндері, отбасында балаға жағымды психологиялық жағдай орнату мақсатында «Өз балаңа үлгі бол!» тақырыбында шаралар ұйымдастырылды. Шараларды мектеп психологтары Ж.Ауанова мен Г.Сұлтанғалиева өткізді.

«Жүрек жылуы» тақырыбында Ж.Ауанова ата-аналарға арналған тренинг өткізді. Тренинг мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы ысты рөл атқарушы- отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт-бағдар беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру. Міндеті: ата-аналарды өздерінің балаларының жан дүниесін түсінуге шақыру.Тренинг ата-аналарға ұнады. Тренинг барысында ата-аналар өз пікірлерін ашық түрде айтып, жақсы қатысты. «Қызықты сұрақтар», «Аяқталмаған сөйлемдер», «Балама қандай жылулық беремін?», «Жағдаяттарды шешу» ойын жаттығулары жүргізілді.

Г. Сұлтанғалиева «Біз біргеміз» тақырыбында ата-аналарға тренинг өткізді. Мақсаты: Ата-аналарға позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, балалардың жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге, ата-аналары психологиялық қолдау көрсетіп, балаларды жан-жақты дамытуға көмектесу.

«Баланыз нені жақсы көреді», «Жалпылау», «Ия немесе жоқ» ,

«Ой жинақтау» жаттығулары орындалып, әр ата-ана өз жауапкершілігін одан сайын түсініп, тренинг қызықты әрі көңілді өтті. Тренинг барысында, ойынға қатусышылар арасына жақсы қарым-қатынасты орнатып және жанұядағы тәрбие жайында пікір алмасты.

Ж.Ауанова жазғы мектеп оқушыларына арнап «Көңілді сәт» тренингін жүргізді. Мақсаты: оқушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Балалардың бір бірімен жақсы қарым қатынаста болуы. Достық, мейірімділік қасиеттерді бағалай білуге шақыру. Мектеп жанында өткізілген жазғы демалыс лагерінде болып, оқушыларға қызықты да ұмытылмас сәттер мен қуаныш сыйлай білдік. Түрлі спорттық жарыстар, шапшаңдыққа ептілікке баулитын ойындар, қызықты саяхаттар балалар үшін ұйымдастырылды.

Дайындаған: Ж.Ауанова

